

Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен өзара қарым-қатынасындағы жұмысты ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 15 маусым 1993 ж. N 507

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан былай Достастық) елдерімен ынтымақтастықты ынтымақтасушы мемлекеттердің экономикасын тұрақтандыруға, олардың өндірістік және интеллектуалдық әлеуетін тиімді пайдалануға жәрдемдесетін ортақ экономикалық кеңістікті сақтаудың және интеграциялық қатынасты жүйелі түрде нығайтудың маңызды нысаны деп қарастырады.

Республикада осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстың жайы егеменді теңдік пен өзара тиімділік, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларын ескере отырып, мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдердің әзірленуін жетілдіру, олардың жүзеге асырылуын ұйымдастыру, атқару және бақылау тетігін талдап жасау негізінде ынтымақтастықтың тереңдетілуін қажет етеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен ынтымақтастық жөніндегі жұмысты ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік корпорациялар мен концерндер, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастығы Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында айқындалған сыртқы экономикалық саясаттың негізгі принциптері мен бағыттарына, Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулылары мен шешімдеріне, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен басқа да шешімдеріне, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулылары мен Премьер-министрдің өкімдеріне сәйкес мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдер негізінде дамытылуын қамтамасыз етсін.

2. Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастық жөніндегі келіссөздерге директивалардың (тұжырымдамалардың) жобаларын мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып әзірлеу және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізу мыналарға жүктелсін:

- Сыртқы істер министрлігіне - мемлекетаралық қатынас, оның ішінде саяси, әскери, ұлтаралық, консулдық мәселелер жөнінде;
- Экономика министрлігіне - жалпы экономикалық және әлеуметтік, оның ішінде

мемлекетаралық экономикалық байланыстар, өзара тиімді сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, баға түзу, қаржы және басқа проблемалар жөнінде;

- Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне - нарық конъюнктурасын ескере отырып, сыртқы экономикалық қызметті ұйымдастыру мен үйлестіру, оның ішінде тарифтік және тарифтік емес реттеуді, сауда, экспорттық бақылау, сондай-ақ жеке алғанда әрбір мемлекетпен сауда ынтымақтастығы режимін үндестіру мәселелері жөнінде;

- Қорғаныс министрлігіне - қорғаныс, қорғаныс стратегиясы, әскери ынтымақтастықты тереңдету, ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және басқа мәселелер жөнінде.

Мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдерді дайындау жөніндегі келіссөздер Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекіткен директиваларға (тұжырымдамаларға) қатаң түрде сәйкес жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне, Қаржы министрлігі мен Қорғаныс министрлігіне жүктелген функцияларға сәйкес, оларға "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясын және басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволарды қатыстыра отырып, Достастық елдерімен ынтымақтастық жөнінде келіссөз жүргізу және шарттар мен келісімдердің жобаларын әзірлеу тапсырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің қатысуымен беріліп тұратын өнімдер үшін өзара байланысты немесе клирингтік негізде өзара есеп айырысу, есептесу, сондай-ақ еркін айналымдағы валютаны пайдалану тәртібін талдап жасайтын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстанның мүдделерін басшылыққа алып, өзаралық және мемлекетаралық қарым-қатыстың әлемдік практикада мақұлданған принциптері негізінде мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдерді дайындау тәртібінің біртұтастылығын қамтамасыз етсін.

Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік корпорациялар мен концерндер, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері қол қойылатын екіжақты және көпжақты шарттар мен келісімдерді ретке келтіру мақсатында мұндай құжаттардың жобаларын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен келісіп алатын болсын.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қаржы министрлігі және Қорғаныс министрлігі Достастық мемлекеттерімен келіссөздің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ынтымақтастық жөніндегі шарттар мен келісімдердің жобаларын қол қою үшін табыс етсін.

7. Министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік корпорациялар мен концерндер, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Достастық елдерінің тиісті

басқару органдарымен өзара қарым-қатынас жөніндегі салалық және аймақтық шарттар мен келісімдерге қол қойылғаннан кейін олардың көшірмесін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы, мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеу, жасау мен орындау жөніндегі жұмысқа қатысатын басқа да министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар шарттар мен келісімдерді жасасқаннан кейін Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне бақылау мен есепке алу үшін тапсырмаларды атқарушыларды және олардың орындалу мерзімін көрсетіп, келісілген көрсеткіштер жүйесі бойынша деректерді табыс етеді.

Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы, сондай-ақ Достастық мемлекеттері қабылдаған міндеттемелердің орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне, Қаржы министрлігі мен Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігіне ақпараттық деректерді тоқсан сайын табыс етіп отыратын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Қорғаныс министрлігі, басқа да министрліктер мен ведомстволар қабылданған мемлекетаралық және үкіметаралық шарттар мен келісімдердің орындалу жайына тоқсан сайын талдау жасасын, ал Үкіметтің шешімін керек қылатын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныстар табыс етсін.

10. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясымен, "Қазмұнайөнімі" және "Қазастықөнімі" концерндерімен, министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп, сауда-экономикалық ынтымақтастық жөнінде қол қойылған шарттар мен келісімдерге сәйкес аса маңызды өнім түрлері өзара беріліп тұруын жүзеге асырудың барысына бақылау қойып, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне тиісінше ұсыныстар енгізсін.

11. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік корпорация мен концерндер, облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасы мен Достастық елдерінің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы тиімді шаруашылық байланыстарын дамытуға жәрдемдесіп, Тараптардың сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімдер жөніндегі міндеттемелерін орындауға байланысты мәселелерді шешу жөніндегі жедеғабыл шараларды уақтылы қолданатын болсын.

12. Министрліктер мен ведомстволардың басшылары Достастық елдерімен

көпжақты және екіжақты өзара қарым-қатынас мәселелері жөніндегі арнаулы қызметтер жоқ жерлерде бұларды қолда бар қызметкерлер саны шегінде құру мүмкіндігін қарастырып, бұл жұмыстың үйлестірілуін министрліктер мен ведомстволар басшысы орынбасарларының біреуіне жүктейтін болсын.

13. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі, Қаржы министрлігі, Ғылым және жаңа технология министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қорғаныс министрлігі мүдделі министрліктерді, ведомстволарды, мемлекеттік корпорациялар мен концерндерді қатыстыра отырып, мемлекеттік-құқылық; жалпыэкономикалық және әлеуметтік; сыртқы экономикалық; ақша-кредит; гуманитарлық және ғылыми-техникалық, айналадағы ортаны қорғау; қорғаныс және әскери-техникалық проблемалар бойынша ұсыныстар әзірлеу және шарттарға, келісімдер мен басқа да құжаттарға сараптама жасау үшін тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық сарапшылар тобын бір айлық мерзімде құратын болсын.

Тұрақты жұмыс істейтін сарапшылар тобының жұмысына

жауапкершілік Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының тиісті бөлімдеріне, ал олардың жұмысын үйлестіру ТМД істері жөніндегі бөлімге жүктелсін.

14. Достастық мемлекеттерімен ынтымақтастық жөніндегі шарттар мен келісімдерді әзірлеудің және олардың орындалуына бақылау жасаудың осы қаулыда көзделген тәртібі ТМД құрамына кірмейтін бұрынғы КСР Одағының мемлекеттеріне - субъектілеріне де қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі